

Смоделировали персонажа – инопланетянина, сделали ему риг и анимировали его. Сделали трекинг живой съемки и наложили анимированного персонажа на кадры живого действия. визуализировали анимацию в виде высококачественной последовательности изображений PNG.

Абдибеков Г.Ж., магистрант
Ерекешева М.М., ф.м.ғ.к., доцент
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТАПСЫРМАЛАРЫН ТЕКСЕРУ ҮРДІСТЕРІН ЦИФРЛАНДЫРУ СҰРАҚТАРЫН ЗЕРТТЕУ

Қазіргі таңда жаһандану, цифрландыру және жаңа технологиялардың дамуы өмір мен қызметтің барлық салаларына әсер етуде, соның бірі білім беру саласы. Осы кезде білім беру қазіргі қоғамның әр мүшесінің дамуының стратегиялық шарты ғана емес, сонымен бірге жалпы қоғамның өмір сүру шарты болып табылады. Білім беру саласына цифрландыру жүйесі толыққанды еніп келеді. Білім беруге және білімді бақылауға, тексеруге арналған порталдар кеңінен қолданылады. Екінші бағыт білім беруді басқару және өткізу, тексеру әрекеттеріне цифрлық бағдарламаларды қолдану. Сол бағыттардың бірі – оқытушы немесе мұғалімнің оқу үдерісіндегі әрекеттерін жеңілдету, қағаз жазуды қысқарту. Сондықтанда қарастырылып отырған тақырып қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады [1].

Мақсаты: Білім беру үдерісін цифрландыру мәселелерінің ғылыми - әдістемелік негіздерін зерттеу және мектеп оқушыларының өзіндік жұмыс тапсырмаларын тексеру үдерісін цифрландыруға арналған программалық жабдық құру. Өз ретінде төмендегідей мінеттерден тұрады:

- Білім беру үдерісін цифрландыру мәселелерінің ғылыми-әдістемелік және теориялық негіздерін анықтау
- Мектептегі өзіндік жұмыс тапсырмаларын тексеру үдерісіне қолданылатын цифрландыру технологияларының негізгі бағыттарын анықтау

- Осы бағыттағы жақын және алыс шетел зерттеулерін саралау, талдау және тұжырымдама жасау
- Цифрландыру механизміне қолданылатын программалық жүйелерді және даму бағыттарын зерттеу
- Өзіндік жұмыс тапсырмаларын тексеруді цифрландыру үдерісін зерттей отырып платформаның жалпы моделін құру
- Анықталған модельге сәйкес программалық жабдық құру және эксперименттен өткізу


Өзіндік жұмыс – білім алушылардың өз деңгейінде және оқытушының көмегінсіз орындайтын жұмысы. Ол білім алушыларға өз білімдерін, дағдылары мен шеберліктерін тереңдетуге, сондай-ақ өз оқуына жауапкершілік пен дербестікті дамытуға мүмкіндік береді [2].

Өзіндік жұмыс үй тапсырмаларын орындауды, оқу материалдарын өз бетінше зерделеуді, қосымша әдебиеттерді оқуды, тест пен тапсырмаларды шешуді, эссе немесе зерттеу жұмыстарын жазуды қамтуы мүмкін.

Білім алушылардың өз уақытын ұйымдастыру және тікелей басшылық болмаған жағдайда жұмыс істей білу қабілеті өзіндік жұмыстың маңызды аспектісі болып табылады. Бұл білім алушыларға өз нәтижелерін жоспарлау, өзін-өзі бақылау және өзіндік бағалау дағдыларын дамытуға көмектеседі [3].

Программалық жабдықты құру барысында өзіндік жұмыс тапсырмаларын тексеру және қосу, жауаптарын қайтару платформасы жасалынды. Бұл платформаны жасау барысында PHP — Веб-серверде HTML беттерін құру және дерекқормен жұмыс істеуге арналған скрипті бағдарламалау тілі мен MySQL - реляцияланған мәліметтер қоры жүйесі пайдаланылды. Бұл бағдарламаларды пайдалану себебі денверден құралған, яғни интернет көмегінсіз локалдық сервер арқылы жасалынды. Apache және PHP байланыстары платформаны жасауға өте қолайлы. PHP скриптерінің CGI скриптерден негізгі айырмашылығы мынада – CGI программасында енгізілетін HTML кодтары жазылады. PHP скрипті серверде орындалып, клиентке жұмыстың нәтижесін беріліп ыңғайлы. PHP-де көптеген мәліметтер базасымен жұмыс істеу мүмкіндігі мәліметтер базасын пайдалану арқылы жазылған Web-қосымшалардың жазылуын жеңілдетеді және ол өте қарапайым түрде болады [4].

Өзіндік жұмыс тапсырмаларын тексеруге арналған программалық жабдықтаманың тіркелген қолданушы логин мен пароль арқылы жүйеге кіру беті 1 суреттегідей, ал жүйеге жаңа қолданушыларды тіркеу беті 2 суреттегідей интерфейстен тұрады. Қолданушы алдымен порталдың интерфейсінен жаңа қолданушы ретінде тіркеуден өтеді. Егерде қолданушы тіркелген болса, тіркелген уақыттағы логин мен паролін қолданып жұмысын жалғастыра алады.




1 сурет



2 сурет

Әрі қарай қолданушылардың жеке бетіне өтеді. Оқытушылар үшін оқытушы туралы мәліметтер, тапсырма жіберу, толықтыру және кері байланыс алу беті болады. Білім алушылар үшін білім алушы туралы мәлімет, тапсырмаларды орындау, кері байланыс алу бетінен тұрады. Берілген программалық өнім келіп түскен ұсыныстар негізінде өзгертулер мен толықтырулар енгізуге болады.

Программалық жабдықтама 1 суреттегідей рөлдік диаграмма (RoleActivityDiagram) арқылы байланыс құрады.



3 сурет

Бұл жерде Администратор толық басқару құқығына ие, мәліметтер қорын тексеріп қандай да қателіктерді жойып отырады. Администратор тапсырмаларды құра алады және жаңартуларды енгізе алады. Оқытушы тіркелген оқушыларды өз бөліміне қосу, тапсырмаларды енгізу мүмкіншілігіне ие болады. Сонымен қатар оқытушы білім алушылардың даму қарқынын қадағалап отырады. Кері байланысын ұйымдастырады, бағалайды. Білім алушылар тапсырмаларды алып, орындап жібере алады. Білім алушылар оқытушының кері байланысын алады.

Білім алушылардың өзіндік жұмысын сәтті ұйымдастыру үшін оқытушылар әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдана алады:

- Жеке тапсырма. Мұғалім әрбір оқушыға өзі орындауға тиіс жеке тапсырма бере алады. Бұл оқушының тапсырмаға шоғырлануына және жеке шеберлік пен дағдыларын дамытуға көмектеседі.

- Жұпта немесе топта жұмыс істеу. Оқытушы білім алушыларды жұптарға немесе топтарға бөліп, оларға бірге орындауы керек тапсырманы бере алады. Бұл білім алушыға қарым - қатынас дағдыларын дамытуға, ұжымда жұмыс істеуге және білім мен идеялармен алмасуға көмектеседі.

- Жобалық жұмыс. Оқытушы білім алушы өз бетінше жұмыс істеуді және шығармашылық көзқарасты талап ететін жобаны орындауды ұсына алады. Бұл білім алушыға креативтілікті дамытуға және өз білімдерін тәжірибеде қолдана білуге көмектеседі.

- Тестілеу. Оқытушы білім алушылар өздері орындауға тиіс тест тапсырмаларын бере алады. Бұл оқушыларға өз білімдері мен шеберліктерін бекітуге, сондай-ақ өздерінің білім деңгейін бағалауға көмектеседі.

- Бақылау жұмыстары. Оқытушы білім алушыға сыныпта немесе үйде өздері орындауға тиіс бақылау жұмыстарын бере алады. Бұл оқытушыға білім алушылардың білім деңгейін бағалауға және оларға кері байланыс беруге көмектеседі.

- Жеке кеңес беру. Оқытушы білім алушылар қиын сұрақтар мен тапсырмаларды түсінуге көмектесу үшін жеке кеңес бере алады. Бұл білім алушыларды білімдері мен дағдыларын жақсартуға көмектеседі [5].

Қортындылай келе, білім алушыларды жас және психологиялық ерекшеліктеріне бейімдеу, оқудағы жүйелілік пен прогрессті қамтамасыз ету, интерактивті элементтер мен кері байланысты пайдалану, оқушылардың деңгейлерін ескере отырып және құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді.

Өзірленген әдістемелік құрал өздік жұмыс тапсырмаларын тексеруге және дайындауға арналған жүйе оқытушыларға құнды құрал болып табылады. Олар оқытудың тиімділігін арттыруға және ақпараттық білімді меңгеру процесінде білім алушыларды белсендіруге көмектеседі. Бұл білім алушылар оқуға белсенді қатысуға мүмкіндік береді, олардың есептерді шешу дағдыларын дамытады және материалды тереңірек меңгеруге ықпал етеді. Пе-

дагогтар бұл жүйені сабақта немесе сабақтан тыс уақытта оқу процесін байыту және жеке оқытуды қамтамасыз ету үшін пайдалана алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мезенин, Е. С. Разработка учебных заданий по информатике для организации самостоятельной работы учащихся с помощью онлайн-сервисов - [Электронный ресурс]. – [Режим доступа]: <http://elar.uspu.ru/handle/uspu/15833> Дата публикации: 2021
2. Матвеева А. В. Создание интерактивных заданий при обучении на уроках информатики - [Электронный ресурс]. – [Режим доступа]: <https://ipi.sfu-kras.ru/node/1246> Год издания/защиты: 2019
3. С. Н. Джапарова, Р. И. Баженов. Интерактивные задания для организации самостоятельной работы по информатике пятого класса основного общего образования кыргызской республики: УДК 372.8//ISSN 2227-1384 «Вестник Приамурского ГУ им. Шолом-Алейхема» - 2020 - № 1(38)
4. Oda, Michiyo; Noborimoto, Yoko; Horita, Tatsusya International Trends in K-12 Computer Science Curricula through Comparative Analysis: Implications for the Primary Curricula / International Journal of Computer Science Education in Schools, April 2021, Vol. 4, No. 4 ISSN 2513-8359
5. Шибаяев В. П. Роль интерактивных методов в повышении эффективности самостоятельной работы студентов // Мир науки, культуры, образования. 2015. № 4. С. 174—176.

Абумусілім Ж.Б., студент

Ниханбаева Н.Т., аға оқытушы

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАР

Қазіргі уақытта дидактикада инновациялық оқыту кеңінен қолданылуда. Инновация – бұл жаңалықтардың таралуы және құрылуы. Компьютерлік технология білім ортасына ене отырып, оқыту процесін жақсарту үшін құралдар мен әдістерді қолдануға әкеп соқтырады. Осы технологияны пайдалану ауылдық жерлерді